Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
Қызылқия ауылы округі
әкімі

Аким
сельского округа Кызылкия
Казыгуртского района
Туркестанской области

ШЕШІМ

19.03.2026 ж

Қызылқия ауылы

РЕШЕНИЕ

№ 56

село Кызылкия

Өнім берушіні таңдауды және сонымен мемлекеттік сатып алулар туралы шарт жасауды реттейтін, «Мемлекеттік сатып алулар туралы» ҚР Заңы нормаларын қолдануысыз Мемлекттік сатып алу туралы

2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 16 бабының 3 тармағының 28) тармақшасының негізінде (бұдан әрі -Заң) Өнім берушіні таңдауды және сонымен мемлекеттік сатып алулар туралы шарт жасауды реттейтін , Заң нормаларын қолданусыз «**Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру»** бағдарламасы бойынша мемлекеттік сатып алуларын жүзеге асырсын.

Жеке кәсіпкер Бекеева, Жеке кәсіпкер NUR, "Doha group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі баға ұсыныстарын салыстыру нәтижесінде, Заңның 5 бабы 1 тармағының 1) тармақшасының негізінде , мемлекеттік сатып алулар үшін пайдаланылатын қаржыны, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатнасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Қызылқия ауылы округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі ең төмен баға ұсынған "Doha group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 10 000 000 (он миллион теңгеге) келісім шарт жасалсын.

Ауыл округ әкімі **Б.Махсутов**

Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексоз «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам», 1 тарау Жаңа экономикалық саясат: -«Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болу керек».**

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсынстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжрибе сатып алынған тауарлар мен қызметтер сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы мемлекет басшысы өз жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді қөрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсеттң, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемелекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар, қызметтер мен жұмыстардың төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жозықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асырумақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі№106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 16 бабының 3 тармағының 28 тармақшасының негізінде мемлекеттік **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатнасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде «**Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру»** бағдарламасы бойынша мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Ауыл округ әкімі **Б.Махсутов**

«Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» қызметтері үшін Мемлекеттік сатып алу бойынша өнім берушіні таңдау негіздемесі.

Сатып алуды жүзеге асыру мақсаты: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия ауыл округіне қарасты орталық стадиондағы спорт алаңында жөндеу жұмыстарын стандартқа сай үздіксіз сметада көрсетілген жұмыстармен қызметтерді жыл бойына атқару.

Нақты орындаушыны таңдау себептері: Біз жергілікті жеткізушіні қолдағымыз келеді салықтар аудандық бюджетке түсуі үшін. Doha group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұл саламен 4 жылға жуық айналысады, шолулар жақсы, тәжрибелі мамандар бұл салада 4 жылға жуық жұмыс жасайды. Құрылыс жұмыстарын қамтамасыз ету бойынша барлық техникалары, құрал саймандары бар. Жауапкершілігі бар тиянақты мәрдігер. Біз жұмыстың сапалы орындалғанын қалаймыз.

Ауыл округ әкімі **Б.Махсутов**